

# Ғылым күніндегі құрмет

**12 сәуір – Қазақстандағы ғылым қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Ғылымы озық, білімі терең елдің болашағы жарқы болмақ. Олай болса, аталған сала өкілдерінің қашан да мәртебесі биік, мерейі үстем.**

Айтулы мерекемен қала әкімінің орынбасары Мешіт-бай ЖҰМАНОВ Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының ұжымын құттықтап, сапалы білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолындағы өлшеусіз еңбектері үшін алғысын жеткізді.

Сондай ақ, Қазақстан ғылым қызметкерлері күніне орай, ҒЫЛЫМ саласының дамуына қосқан зор үлесі үшін Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының "Көркем еңбек, графика және жобалау", "Музыкалық білім" білім беру бағдарламаларының жетекшісі, осы салада 30 жыл бойы нәти-



желі еңбек етіп келе жатқан Сандуғаш ТҮРІКПЕНОВАҒА қала әкімінің алғыс хаты табыс етілді.

Сандуғаш Жұманқызының 70-ке жуық ғылыми еңбектері бар. Оның ішінде 1 монография, Республикалық ОӘС және ҚР БҒМ Республикалық оқу әдістемелік кеңесі ұсынған 2 электронды оқулық, 2 авторлық бірлестікте оқу құралы, институттың ғылыми кеңесі ұсынған 4 электронды оқулық, 32 оқу-әдістемелік кешен, 4 әдістемелік нұсқау, 5 оқу құралы. «Көркем

еңбек» оқу-әдістемелік құралы мен «Көркем еңбекті оқыту әдістемесі» оқу әдістемелік құралы басылып шыққан.

Шәкірттері республикалық пәндік олимпиада мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының жеңімпаздары болды. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің т.б. марапаттардың иегері. «Болашақ» халықаралық стипендиясының тұлғі.